АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КЕРБУЛАКСКОГО РАЙОНА
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2017 жылғы 24 ақпан № 56

Сарыөзек ауылы

село Сарыозек

**Ауданның коммуналдық меншігіндегі бәсекелестік ортаға беруге жататын нысандардың тізбесін бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 01 наурыздағы № 413 Қазақстан Республикасы Заңының 18- бабына, «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына және Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 ақпандағы №82 «Бәсекелестік ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі нысандардың тізбесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның коммуналдық меншігіндегі бәсекелестік ортаға беруге жататын нысандардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Кербұлақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі «Кербұлақ ауданының коммуналдық меншігіндегі бәсекелестік ортаға беруге жататын нысандардың тізбесін бекіту туралы» №236 қаулысы жойылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары К.Айпеисовке жүктелсін.

**Аудан әкімі** **Б.Алиев**

Кербұлақ ауданы әкімдігінің
2017 жылғы «24» ақпан
№ 56 қаулысына қосымша

**Ауданның коммуналдық меншігіндегі бәсекелестік ортаға беруге жататын нысандардың тізбесі**

| Р/с | Нысанның аталуы | Орналасқан жері | Беру әдісі | Сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы | Беру мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Кербұлақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Кербұлақ су құбыры» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | Сарыөзек ауылы, Крупская к-сі, 17 үй | Сенімгерлік басқару | «Кербұлақ ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі | 2017 жыл |

**Кербұлақ ауданының қаржы бөлімінің басшысы** **Б.Албанбекова**